

4.Мектепшілік кезекшілік

Мектептің 01.09.2018 жылғы №338 бұйрығымен бекітілген)

(ҚР.«Білім туралы»Заңының 33-3/2 бабын негізге ала отырып әзірленген.)

Мектепте төмендегідей кезекшіліктер ұйымдастырылады:

- әкімшілік өкілдері арасындағы күндік кезекшілік;
- мұғалімдердің белгіленген объектілер бойынша күндік кезекшілігі;
- дене тәрбиесі мұғалімдерінің арасындағы мектеп ауласындағы кезекшілік;
- 1-4. 5-11 сыныптар арасындағы апталық кезекшілік;
- мереке күндері, оқушылардың күзгі, қысқы, көктемгі каникул күндеріндегі кезекшілік;
- емтихандар кезіндегі кезекшілік(директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары белгілейді);
- аудандағы,қаладағы іс-шаралар мен төтенше оқиғаларға байланысты кезекшілік(тікелей директордың өзі белгілейді).

Кезекшілердің міндеттері

1. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауды қамтамасыз ету.
2. Мектеп ғимараты мен бұйымдардың,инвентарлардың бүлінуіне немесе бұзылуына жол бермеу;
3. Оқушылар мен оқытушылардың мектеп ішінде және аулада қозғалыс мәдениетін сақтауын қадағалау.
4. Сынып бөлмелері,коридорлар мен аулада санитарлық-гигиеналық тазалықты қамтамасыз ету.
5. Оқушылардың сабаққа қатысуы есебін жүргізу.
6. Сабақтардың түгел әрі толық өтуін қамтамасыз ету,коридорда сабақ кезінде артық жүріс болмауын қадағалау.
- 7.Оқушылардың келеңсіз мінез құлықтарына жол бермеу.

Кезекшілердің құқықтары

- 1.Кезекшілер өздерінің объектілерінде тұрып бүкіл кезекшілік мерзімі кезінде әкімшілік өкілінің құқын пайдаланады.
- 2.Кезекшінің талаптары мен нұсқауларын орындауға барлық оқушылар,мұғалімдер және қызмет көрсетушілер міндетті.
- 3.Орын алған келеңсіз оқиғаларды зерттеуге және оны мектеп директоры алдына шешуге қоюға құқылы.
- 4.Мектептегі өзін-өзі басқару мен кезекшілік жүйесін жетілдіру туралы ой-пікірлерін жариялауға құқылы.

Кезекшілік атқарудың тәртібі